

## Облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 317 "Жеңілдіктер беру туралы" шешіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2008 жылғы 26 наурыздағы N 53 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2008 жылдың 10 сәуірде N 3247 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы № 152 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 14.08.2013 № 152 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 17, 18, 19, 20 баптарына сәйкес **облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық мәслихаттың Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 25 желтоқсанда N 3193 тіркелген, 2007 жылғы 5 қаңтарда "Актюбинский вестник" және "Ақтөбе" газеттерінің N 1-2 жарияланған 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 317 "Жеңілдіктер беру туралы" шешіміне (Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 27 шілдеде N 3224 тіркелген, 2007 жылғы 2 тамызда "Актюбинский вестник" және "Ақтөбе" газеттерінің N 95-96 жарияланған 2007 жылғы 11 шілдедегі N 376, Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 26 желтоқсанда N 3231 тіркелген, 2008 жылғы 4 қаңтарда "Актюбинский вестник" және "Ақтөбе" газеттерінің N 1-2 жарияланған 2007 жылғы 5 желтоқсандағы N 25 шешімдерімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып), мынадай толықтырулармен өзгерістер е н г і з і л с і н :

1. "Жеңілдіктер беру туралы" шешімнің 1 тармағында, шешімнің Қосымшасының атауында және 1 тармағында "жесірлеріне" деген сөздерінен кейін "(жесір ерлеріне)" деген сөздерімен толықтырылсын, "1986-1989 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан тұлғаларға" деген сөздерінен кейін "Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы ҚСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған тұлғаларға" деген сөздерімен толықтырылсын.

2. Қосымшаның 3 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қатысушыға тұрғын үй иесі немесе негізгі пәтер иеленуші болуына қ а р а м а с т а н ж ең і л д і к т е р :

орталықтандырылған жылуға, салқын және ыстық су жабдығына, кәрізге ( канализация), газбен жабдықтауға, қоқыс шығаруға, лифттік қызмет көрсетуге, байланыс қызметіне (абоненттік төлем) 100% шегеріммен;

электрмен жабдықтауға 1 отбасына айына 150 кВт-тан аспайтын мөлшерде, жылу үшін пайдаланылған электр қуатын 1 отбасына айына 500 кВт-тан аспайтын мөлшерде, тамақ әзірлеу үшін газ айына 10 кг мөлшерде, ал орталықтандырылған жылуы жоқ үйлерде сатып алынатын шартты қатты отын құнына есептегенде жылытылатын алаңның 1 шаршы метріне 75 килограмм есебімен (бұдан әрі - жеңілдіктер) ұсынылады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған және 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі кезеңде кемінде 6 ай жұмыс жасаған тұлғаларға жеңілдіктер коммуналдық қызметтер 50% мөлшерінде (компенсациялау) ұсынылады.

Коммуналдық қызметті тұтынуын есептеу құралдары болмаған жағдайда жеңілдіктер бекітілген тарифтерге сәйкес ұсынылады.

Жеңілдіктер қатысушы пайдаланған уақытқа дейін қатысушымен бірге тұратын және тіркелген отбасы мүшелеріне де ұсынылады.

Қатысушының отбасы мүшелерін анықтауда Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы N 321 "Неке және отбасы туралы" Заңы б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н " .

3. Қосымшаның 6 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Қатысушыға орталықтандырылған жылуға, салқын және ыстық су жабдығына, кәрізге (канализация), газбен жабдықтауға, қоқыс шығаруға, лифттік қызмет көрсету, байланыс қызметі (абоненттік төлем), электр қуатымен жабдықтауға айына 1 отбасына 150 кВт-тан аспайтын мөлшерде, жылу үшін пайдаланылған электр қуатын айына 1 отбасына 500 кВт-тан аспайтын мөлшерде, тамақ әзірлеу үшін газ айына 10 кг мөлшерде, ал орталықтандырылған жылуы жоқ үйлерде сатып алынатын шартты қатты отын құнына есептегенде жылытылатын алаңның 1 шаршы метріне 75 килограмм есебімен (бұдан әрі - жеңілдіктер) жеңілдіктер ұсыну бойынша қызмет көрсетулердің шығындарын өтеу қызмет көрсетушілердің ай сайын беретін жеңілдіктер алатын қатысушылардың тізімдері негізінде Ақтөбе қаласының және аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде жүргізіледі" .

2. Осы шешім Ақтөбе облысының әділет департаментінде мемлекеттік

тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат*

*сессиясының*

*Қ. ЖҰМАБАЕВ*

*төрағасы хатшысы*

*А. ЕСІРКЕПОВ*

*Облыстық мәслихаттың*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК